

Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2021 жылдың бірінші тоқсан

7 сәуір 2021 ж.

Сергеевка қ.

Мемлекеттік орган қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін. 07.04.2021ж. № 50\1 бұйрығымен келесі құрамда жұмыс тобы құрылды.

А.К.Дауытбаева-директор, топ басшысы
Г.И.Елиясова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Г.К.Шаниева- директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары
Ж.Б.Успанова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
А.С.Абильдина - әлеуметтік ұстаз
Б.М.Шаукерова – іс жүргізуші, топ хатшысы

Талдау түрі: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәніне «Қазақ орта мектебі» КММ қызметінің ішкі талдауы.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің пайда болу жағдайлары мен себептерін қалыптасқан практикаларды анықтау.

Талдау кезеңі: 2021 жылдың бірінші тоқсаны.

Жұмыс тобы келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

I. Бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша зерттелді. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 қазандағы №564 қаулысымен бекітілген, Қазақстан республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін, көздерін, түрлері мен қағидаларын бекіту туралы қаулысы, білім беру ұйымдары көрсетілген мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттері.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқарушы персоналдың өзінің қарауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруы кезінде тосқауылдар жасауға ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді ерікті түрде түсіндіру мүмкіндігін туғызатын құқықтық оқылықтар анықталған жоқ. Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы белгіленген.

II. «Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша:

1. **Персоналды басқару «Қазақ орта мектебі» КММ мониторинг кезіндегі жағдай бойынша тізімдік құрамның жалпы саны 88 адам, оның ішінде 47 педагог, 41 техникалық және қызмет көрсететін персонал, бала күту бойынша демалыста-2. 2021 жылдың бірінші тоқсанда тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар жоқ.**

2021 жылдың қаңтар айынан қазіргі уақытқа дейін 4 қызметкер (1 педагог, 3 техникалық персонал өкілі) өз еркімен қызметінен босатылды.

2021 жылдың бірінші жарты жылдығында біліктілікті арттыру курстарынан 3 адам өтті.